

Шымкент қалалық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 30/190-5с " 2014-2016 жылдарға арналған Шымкент қаласының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 ақпандағы № 32/207-5с шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 ақпанда № 2547 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 2015 жылғы 13 қаңтардағы № 1-12 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 13.01.2015 № 1-12 хатымен).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1 тармағының 1) тармақшасына және Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 14 ақпандағы № 24 /194-V «Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 21/172-V «2014-2016 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2532 тіркелген шешіміне сәйкес, Шымкент қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шымкент қалалық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 30/190 -5с «2014-2016 жылдарға арналған Шымкент қаласының бюджеті туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2476 тіркелген , 2014 жылғы 10 қаңтардағы «Шымкент келбеті» газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
аталған шешімнің 1 тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

1. «2014-2016 жылдарға арналған Шымкент қаласының бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2014 жылға мынадай көлемде б е к і т і л с і н :

1) кірістер – 73 564 712 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 34 897 503 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 80 628 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 1 350 137 мың теңге;
трансферттер түсімдері – 37 236 444 мың теңге;
2) шығындар – 74 945 994 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;
5) бюджет тапшылығы – -1 381 282 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 1 381 282 мың теңге.»;

2 тармақтың төртінші абзацы жаңа редакцияда мазмұндалсын:
«санитарлық союға бағытталған ауыл шаруашылығы малдардың құнын өтеуге (50% дейін) – 2 342 мың теңге;»;
алтыншы абзацы жаңа редакцияда мазмұндалсын:
«эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге – 69 343 мың теңге;»;
жетінші абзацпен келесідей мазмұнда толықтырылсын:
«Ұлттық валюта курсының төмендеуіне байланысты аз қамтамасыз етілген отбасыларға әлеуметтік көмек көрсетуге – 35 147 мың теңге;»;
сегізінші абзацпен келесідей мазмұнда толықтырылсын:
«Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде жолдарды орташа жөндеуге – 3 1 7 6 4 мың теңге;»;
тоғызыншы абзацпен келесідей мазмұнда толықтырылсын:
«Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде білім беру объектілерін күрделі жөндеуге – 129 258 мың теңге.»;

3 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:
«3. 2014 жылға арналған қала бюджетінде облыстық бюджеттен нысаналы даму трансферттері келесідей мақсаттарға қарастырылғаны ескерілсін:
білім беру объектілерін салу және реконструкциялауға – 3 457 530 мың теңге;
мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алуға – 8 078 262 мың теңге;
инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алуға – 2 119 013 мың теңге;
коммуналдық шаруашылықты дамытуға – 2 348 802 мың теңге;
сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға – 1 970 673 мың теңге;
қаланы және елді мекендерді көркейтуді дамытуға – 2 670 652 мың теңге;
спорт және туризм объектілерін дамытуға – 182 651 мың теңге;
газ тасымалдау жүйесін дамытуға – 2 978 120 мың теңге;
көлік инфрақұрылымын дамытуға – 1 598 380 мың теңге.»;

4 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:
«4. Қала әкімдігінің 2014 жылға арналған резерві 270 000 мың теңге

сомасында

бекітілсін.»;

5 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

«5. 2014 жылға арналған қала бюджетінде қала ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюға – 207 295 мың теңге қарастырылғаны ескерілсін.».

Аталған шешімнің 1, 2, 3, 4, 6 қосымшалары осы шешімнің 1, 2, 3, 4, 5 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілсін.

Қалалық мәслихат сессиясының төрағасы Д.Үсенов

Қалалық мәслихат хатшысы Н.Бекназаров

Шымкент қалалық мәслихатының
2014 жылғы 25 ақпандағы
№ 32/302-5с шешіміне 1 қосымша

Шымкент қалалық мәслихатының
2013 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 30/190-5с шешіміне 1 қосымша

2014 жылға арналған Шымкент қаласының бюджеті

Санаты	Сыныбы	Атауы	Сомасы мың теңге
		Ішкі сыныбы	
I. Кірістер			73 564 712
1		Салықтық түсімдер	34 897 503
	1	Табыс салығы	11 963 138
	2	Жеке табыс салығы	11 963 138
	3	Әлеуметтік салық	8 701 386
	1	Әлеуметтік салық	8 701 386
	4	Меншікке салынатын салықтар	4 504 926
	1	Мүлікке салынатын салықтар	2 534 778
	3	Жер салығы	692 374
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 276 713
	5	Бірыңғай жер салығы	1 061
	5	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	9 326 541
	2	Акциздер	8 558 186
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	163 813
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	508 624

	5	Ойын бизнесіне салық	95 918
8		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	401 512
	1	Мемлекеттік баж	401 512
2		Салықтық емес түсімдер	80 628
1		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	69 971
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	922
	4	Мемлекет меншігіндегі, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	9 196
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	59 853
2		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	61
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	61
	6	Басқа да салықтық емес түсімдер	10 596
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	10 596
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	1 350 137
1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1 012 320
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1 012 320
	3	Жерді және материалдық емес активтерді сату	337 817
	1	Жерді сату	282 355
	2	Материалдық емес активтерді сату	55 462
4		Трансферттердің түсімдері	37 236 444
	2	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	37 236 444
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	37 236 444
Функционалдық топ			Сомасы мың теңге
	Кіші функция		
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		

			Атауы	
II. Шығындар				74 945 994
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	515 169
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	404 702
		112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	16 973
			001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15 071
			003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 902
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	158 679
			001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	120 295
			002 Ақпараттық жүйелер құру	26 065
			003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	12 319
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	229 050
			001 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	221 130
			022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 920
	2		Қаржылық қызмет	11 000
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	11 000
			003 Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	10 000
			011 Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	1 000
	9		Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	99 467
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	99 467
			001 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	88 280
			015 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	11 187
2			Қорғаныс	245 709

1			Әскери мұқтаждар	37 214
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	37 214
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	37 214
2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	208 495
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	208 495
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	207 295
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	1 200
3			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	419 104
	6		Қылмыстық-атқару жүйесі	22 231
		451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	22 231
		039	Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оналтуды ұйымдастыру және жүзеге асыру	22 231
	9		Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	396 873
		485	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	396 873
		021	Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	396 873
4			Білім беру	34 015 574
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	6 592 826
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	6 592 826
		009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	490 703
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	6 102 123
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	17 434 009
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	17 434 009

		003	Жалпы білім беру	16 741 331
		006	Балаларға қосымша білім беру	692 678
4			Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	41 553
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	41 553
		018	Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру	41 553
9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	9 947 186
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	3 185 316
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	42 196
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	525 692
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	170 015
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	2 447 413
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	6 761 870
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	6 761 870
6			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1 319 183
			Әлеуметтік көмек	1 185 943
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	1 125 010
		002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	100 009
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	47 227
		006	Тұрғын үй көмегі	43 653
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	186 745
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	5 908
		013	Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу	106 429

		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	71 546
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	390 330
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	173 163
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	60 933
		008	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау	60 933
9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	133 240
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	133 240
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	103 092
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	3 298
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 470
		050	Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру саласын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	15 120
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	4 260
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	27 607 140
1			Тұрғын үй шаруашылығы	14 073 236
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	129 258
		026	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	129 258
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	13 391 768

		003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	10 449 065
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	2 942 703
	479		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй инспекциясы бөлімі	12 967
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 967
	485		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	31 764
		004	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	31 764
	497		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі	507 479
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер	129 548
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 000
		004	Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, оның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру	216 313
		005	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	64 112
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	50 236
		033	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	20 000
		049	Көппәтерлі үйлерге энергетикалық аудит жүргізуге	21 270
2			Коммуналдық шаруашылық	5 273 311
	497		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі	5 273 311
		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін пайдалануды ұйымдастыру	30 000
		028	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	2 394 690
		029	Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	2 848 621
3			Елді-мекендерді көркейту	8 260 593

	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 222 477
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	535 401
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 687 076
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	2 855 196
	007	Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту	2 855 196
	497	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі	3 182 920
	018	Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту	4 500
	025	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	409 488
	030	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1 509 720
	034	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу	30 500
	035	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	1 228 712
8		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	3 388 470
1		Мәдениет саласындағы қызмет	730 167
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	30 000
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	30 000
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	202 689
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	65 432
	005	Зоопарктер мен дендропарктердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	137 257
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	497 478
	011	Мәдениет объектілерін дамыту	497 478
2		Спорт	2 216 611
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Дене шынықтыру және спорт бөлімі	2 032 133
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15 763
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 777
	005	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	1 810 562

		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	34 197
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	169 834
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	184 478
		008	Спорт және туризм объектілерін дамыту	184 478
3			Ақпараттық кеңістік	231 982
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	144 182
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	115 923
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	28 259
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	87 800
		002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	60 000
		005	Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	27 800
9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	209 710
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	35 647
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16 315
		010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 552
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	14 780
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	174 063
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	130 340
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	38 299
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 424

9			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	3 150 757
	9		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы басқа да қызметтер	3 150 757
		497	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі	3 150 757
		009	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	83 871
		038	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	3 066 886
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	431 321
	1		Ауыл шаруашылығы	131 964
		467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	31 188
		010	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	31 188
		474	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	100 776
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	24 637
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 960
		005	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	700
		006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	1 047
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	31 080
		008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	2 395
		011	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	16 252
		012	Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу	91
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	20 614
	6		Жер қатынастары	230 014
		463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	230 014
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	69 507

		003	Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру	93 021
		004	Жерді аймақтарға бөлу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	34 570
		006	Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	30 040
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 876
9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	69 343
	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	69 343
		013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	69 343
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	369 025
	2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	369 025
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	45 037
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	43 837
		017	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 200
	468		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	323 988
		001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	38 472
		003	Ауданның қала құрылысы даму аумағын және елді мекендердің бас жоспарлары схемаларын әзірлеу	243 260
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	42 256
12			Көлік және коммуникация	2 958 681
	1		Автомобиль көлігі	2 884 738
	485		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 884 738
		022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	1 651 035
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 233 703
9			Көлік және коммуникациялар саласындағы басқа да қызметтер	73 943
	485		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	73 943

		001	Жергілікті деңгейде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	70 243
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 700
13			Басқалар	334 867
	3		Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	34 867
		469	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	34 867
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	33 012
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 855
	9		Басқалар	300 000
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	300 000
		008	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың және концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оған сараптама жүргізу	30 000
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	270 000
14			Борышқа қызмет көрсету	269
	1		Борышқа қызмет көрсету	269
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	269
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	269
15			Трансферттер	190 725
	1		Трансферттер	190 725
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	190 725
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	132 822
		024	Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	57 903

			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-1 381 282
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	1 381 282

Шымкент қалалық мәслихатының
2014 жылғы 25 ақпандағы
№ 32/207-5с шешіміне 2 қосымша

Шымкент қалалық мәслихатының
2013 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 30/190-5с шешіміне 2 қосымша

2015 жылға арналған Шымкент қаласының бюджеті

Санаты				Сомасы мың теңге
	Сыныбы	Атауы		
		Ішкі сыныбы		
I. Кірістер				55 371 773
1		Салықтық түсімдер		33 154 878
	1	Табыс салығы		10 210 801
	2	Жеке табыс салығы		10 210 801
	3	Әлеуметтік салық		7 617 598
	1	Әлеуметтік салық		7 617 598
	4	Меншікке салынатын салықтар		4 865 142
	1	Мүлікке салынатын салықтар		2 737 559
	3	Жер салығы		747 589
	4	Көлік құралдарына салынатын салық		1 378 849
	5	Бірыңғай жер салығы		1 145
	5	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар		10 027 707
	2	Акциздер		9 197 889
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер		176 918
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар		549 309
	5	Ойын бизнесіне салық		103 591
	8	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер		433 630

	1	Мемлекеттік баж	433 630
2		Салықтық емес түсімдер	87 075
	1	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	75 567
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	995
	4	Мемлекет меншігіндегі, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	9 931
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	64 641
	2	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	65
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	65
	6	Басқа да салықтық емес түсімдер	11 443
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	11 443
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	2 866 342
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 501 499
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 501 499
	3	Жерді және материалдық емес активтерді сату	364 843
	1	Жерді сату	304 944
	2	Материалдық емес активтерді сату	59 899
4		Трансферттердің түсімдері	19 263 478
	2	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	19 263 478
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	19 263 478
Функционалдық топ			Сомасы мың теңге
	Кіші функция		
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
		Атауы	
II. Шығындар			53 239 287
1		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	366 898
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	270 612

	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	15 790
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15 790
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	103 678
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	103 678
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	151 144
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	150 523
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	621
2			Қаржылық қызмет	11 750
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	11 750
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	10 750
		011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	1 000
9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	84 536
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	84 536
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	84 536
2			Қорғаныс	35 455
	1		Әскери мұқтаждар	35 455
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	35 455
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	35 455
3			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	115 871
	6		Қылмыстық-атқару жүйесі	24 036

	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	24 036
		039	Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалтуды ұйымдастыру және жүзеге асыру	24 036
9			Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	91 835
	485		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	91 835
		021	Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	91 835
4			Білім беру	26 492 656
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	2 584 779
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2 584 779
		009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	480 314
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	2 104 465
2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	12 949 729
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	12 949 729
		003	Жалпы білім беру	12 323 905
		006	Балаларға қосымша білім беру	625 824
4			Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	39 648
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	39 648
		018	Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру	39 648
9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	10 918 500
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1 731 924
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	40 116
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	525 692
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	166 116

		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1 000 000
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	9 186 576
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	9 186 576
6			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1 162 162
			Әлеуметтік көмек	1 077 438
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	1 011 936
		002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	125 277
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	56 816
		006	Тұрғын үй көмегі	43 065
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	144 981
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	5 919
		013	Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу	80 177
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	60 474
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	323 258
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	171 969
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	65 502
		008	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау	65 502
9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	84 724
	451			84 724

			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	82 492
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	2 232
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	18 384 341
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	9 571 554
		467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	7 527 957
		003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	4 023 610
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	3 504 347
		479	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй инспекциясы бөлімі	46 728
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	45 289
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 439
